

Жарайсың, Жәнібек!**Мирас АСАН**

Поэзия – маңдайдағы жазу, алақандағы сызық, жүректегі сызат. «Декабристер» Пушкинге ол оқиға жайлы айтпаған! «Ақынды алаңға шығарып, өлтіріп аламыз» деп үрейленген... Ақын – жүрекке көтеріліс жасаған жер бетіндегі алғашқы адам.

Кеше ҚарМУ-дың қасиетті қара шаңырағы есебіндегі филология факультетінде ұлт қаһарманы, жем үшін емес, жер үшін Кремльге кіріп, басын бәйгеге тіккен текті қазақ – Жұмабек Тәшенев атындағы облысымызда жыл сайын өтетін «Жылдың үздік ақыны» жүлдесінің иегері анықталды.

Бас бәйге өзге топтан бәсі басым, бітімі бөлек, болмысы дара, қаламы қуатты, тілі уытты ақын әріптесіміз – Жәнібек Әлиманда! Бағы мен бабы қатар шапқан жампоз Жәнібек оқ бойы озып келді. Қарақшыдан өткен соң да оқшау желді. Бәйге шарты бойынша Жәнібек ақынның жырлары тасқа басылмақ жақын арада. Сүйіншілі жағдай.

Бұл жүлдені тігіп жатқан кім дерсіз? Өнерге ес-түссіз ғашық Сапар Ипкеев мырза. Кәсіпкердің ұлтына ғашық болғаны – елдіктің нышаны дестік. Ал, Жәнібекке сол жүлдені тапсырған кім? Бар-жоғы 5 млн. қырғыз ағайынның 6 млн. жол «Манас жырын» жырлайтын әйгілі манасшы, ақын, ерекше қасиетке ие Баянғали Әлімжанов! Хатқа түскен эпостың барлығы – өлі эпос. Өмір сүруін тоқтатқан шығарма есебінде. Ал, «Манас жыры» ауыздан-ауызға тарап келе жатқан бірден-бір – тірі жыр. Баянғали ағаның феномені сол – 6 млн. жол эпосты, тұтас дәуірді, бір күні бейсана жырлай

жөнөлгендігінде! Қызыл тілге берік логика жымдаса қалған, жүйрік ой мен терең мағына ымдаса берген тума дарын Баянғали!

Сондай-ақ, кеш барысында «Жылдың үздік қаламгері» номинациясын жас жазушы, өнердегі өрнегі бөлек Арман Әлменбет иеленді. «Жылдың үздік айтыскері» аталымы наркескен жырлары белдескенді бүктеген Тілеген Әділовке тиесілі болды. «Жылдың сыршыл ақыны, шыншыл ақыны» номинацияларын Жәлел Шалқаров пен Гүлдана Төлеубай өзара бөлісті. Гүлдана Төлеубай – ата жұртқа қайтқан қазбен ілесе келген ақын жүрек. Дайындық курсына оқиды екен. «Қадамыңа гүл бітсін, қаламыңа тіл бітсін» деп бата берді аға толқын. Ғажайып кешті ұйымдастырған белгілі айтыскер ақын, құлансүйек Айтбай Жұмағұловқа ел дән риза.

Құрметті қонақтар қатарында поэзия пырақтары Серік Ақсұңқарұлы, Абзал Бөкен, Қойлыбай Асанов бар. «Ғасыр Адамы» Темірғали Көкетаев жақсы сөзін жастарға аяған жоқ. Жұмабектің жүлдесін Жәнібек алғанын жақсы ырым етті.

Ақын Жәнібек Баянғали жыраудың қолын алып жатқанда қырғыздың Маникер деген жүйрігіне қосылып поэзия Пегасы мәңгілікті бетке алып бара жатты...

Жылдың үздік ақыны – Жәнібек, жарайсың!